

егемен

Қазоқстан

Несіпбай А.

Ғасыр жасаған жауынгер



Сабырғали Күсенов ата бүгін 100-ге толып отыр Үй төрінен маңдайы жарқырап, жүзінен нұр төгілген, қоларба көмегімен қозғалса да өзі отырып-тұрған, сөзі ширақ, көңіл шуағы бірден баурарлық кісі көрінді. Сырттай білуіміз бар, бірақ жүзбе-жүз көруіміз бірінші рет болғандықтан қарияның осынша жастағы осындай қалпы қайран еткені рас. «Баталы батыр арымас» дегендей, омырауы ордендер мен медальдарға толы атаның бүгілмеген, үгілмеген бейнесі сүйсінтті. Қаншама жыл жылжыса да соғыстың басынан аяғына дейін кешілген майдан жолдарының әр ізін ұмытпай, шешіле сыр шертуінен жадының мықтылығы да байқалмай қалмаған еді. Ғасырлық ғұмырындағы ұзақ сапарда қияметтен қиын бел-белестерден сүрінбей өтіп, атақ-абыройын жоғалтпаған, қайта абыздығы одан сайын асып, жарасқан жан қазағымыздың қарттары осындайлық екеніне мақтан тудырып, әңгімелеуге әсерленгенімізді айтпай кете алмаймыз. Осы күні соғыс ардагерлері туралы жиі жазылып жатыр. Бақсақ, әлі де көпшілікке оншалықты таныла қоймағандары аз емес сияқты. Солардың бірі – Сабырғали Күсенов атамыз десек, қателеспейтініміз анық. Оның майдан жолының бір ерекшелік тарихы, өмірі әлемді лаулаған өрт өршіместен бұрын-ақ Қызыл әскер қатарына шақырылудан бастап, 7 жыл бойында от пен оқ ортасында өтеді. Батыс Қазақстан облысының Орда ауданындағы Бейсен ауылынан міндетті әскери борышын өтеуге жіберілген жігіттің содан қолынан қаруы түспей, ақырына дейін жаумен жан алысып, жан берісіп шайқасатындығы қаперіне қайдан келсін. Қантөгіс басталғанда 10 күндік демалыста елде жүрген жауынгер Гродно қаласы түбіндегі ауыр артиллериялы өз полкын іздеп табуға дереу аттанады. Алайда, басқыншылар өршелене ұмтылуынан Минскіге бей-берекет шегінген әскерлердің басын біріктерген топқа тап болып, зенитшілер

полкына бекітіледі. Ол кезде жалындаған 24-тегі жауынгердің алғашқы ашық айқасқа түскен жері Могилев қаласы маңы болады. Екі апта бойғы кескілескен ұрыстарда генерал Романов басқаруындағы 172-ші атқыштар дивизиясы құрамындағы 518-ші зенитшілер полкы ентелеген танктер мен үсті-үстіне шүйілген ұшақтарға тойтарыс беріп, шабуыл мақсаты мен мерзімін кешеуілдетеді. Соның бел ортасындағы күндіз-түнгі толассыз шайқастардың бірінде ауыр жараланып, тез қатарға қосылудан соң шеңбері 57 миллиметрлі зеңбірегін қайта сүйретіп, снарядтар жаудырып, Мәскеу қорғанысынан ұласқан әйгілі шабуылға қатысады. – Аспан мен жердің арасы құлақ тұншықтырған гүрілдеген үндерге толып, таптап өтуге дайын дүлей танктердің аузынан бұрқылдаған ажал отына төтеп, қара түтін мен топырақ тұмшалаған айнала астан-кестенде нысананы дәлдікпен атып, төніп келген тажалдың талай қыл көпірінен өттік қой, қарағым. Сен жоймасаң, жау жоятын, не өлім, не өмір қиян-кескіде елімнің алдындағы азаматтық парызыма берік бола білдім. Қаншама қаруластарым қаза тапты. Жап-жас бейнелері, жүрек жұтқан ерлік қимылдары көз алдымнан кетпейді, – деген ақсақалға сол бір соғысты еске алудың өзі оңайға соқпастай екенін жанарларына жас іркіліп отыруы сездірді. Офицерлердің бұйрығын бұлжытпай орындауымен ғана емес, кейбірі оққа ұшқан қысылшан шақтарда орнын жоқтатпау қабілетімен көзге түсуші қатардағы зеңбірекші Күсенов жауынгерлік жолына Батыс майданының кіші командирлер даярлайтын курсына жіберіліп, оқуы үлкен өзгеріс жасайды. Осында біліктілік пен шеберлік жетілдіріп жүргенде бірінші «Қызыл Жұлдыз» ордені кеудесіне тағылады. Бұл 1941-1942-жылдардағы аса маңызды айқастардағы ерлігі үшін берілгенін қарт, әсіресе, қатты құрмет тұтады. Майданға кіші лейтенант әрі орденді болып оралған, талай сынақта шыңдалған, қайраты қайралған жігіттің 10-шы гвардиялық армия құрамындағы 225-ші гвардиялық атқыштар полкының миномет батареясының взвод командирі болып тағайындалуы майдандық өміріндегі елеулі белеске айналады. Смоленск, Брянск, Рига қалаларын, Балтық бойындағы елдерді азат етудегі жеке басының ерлік әрекеттері мен командирлік ұйымдастырушылығы жоғары бағаланып, екінші рет «Қызыл Жұлдыз» орденімен марапатталады. Кейіннен аталған орденнің үшіншісі де төсінде жарқырайды. Жеңіс күнін алдыңғы шепте, аға лейтенант шенінде қарсы алған ауылдағы кешегі есепші, енді білдей бір жас офицер әскери қызметінен қол үзе қоймай, туған елінің шекарасында – Ашғабадта, кейін Германияда 1946 жылға дейін зеңбірекшілер бөлімшесін басқарады. Сол жылдың аяғында 7 жылға созылған жауынгерлік жолды аяқтап, бейбіт күндегі қызметін де әскерилік тәртіптегі буынмен жалғастырып, өрт сөндіру ісіне арнайды. Осы салада 40 жыл табан аудармастан еткен мінсіз еңбек

ізбасарларына үлгі. Салтанатты жиындарда иығында полковниктің үш жұлдызшасы айшықталған 100-дегі қарияға түрегеліп қол шапалақтанып жатуы соған айғақ. Сабырғали атаның кеудесінде жоғарыда атағанымыздай, үш «Қызыл Жұлдыз» орденімен бірге, I дәрежелі «Ұлы Отан соғысы» ордені, «Мәскеуді қорғағаны үшін», «Жауынгерлік ерлігі үшін», «1941-1945 жылдардағы Ұлы Отан соғысында Германияны жеңгені үшін» медальдары жарқырайды. Құрметті демалысқа шыққанға дейінгі ұзақ жылдағы адал қызметі үшін алған марапаттары және қаншама. Шаңырағы биіктігіне, ұрпағы шаттығына да қуанышы мол. Төрт қызының бәрі өз ортасына өнегелі жандар. Күләші мен Әсиясы ғылым кандидаттары. Әлиясы Астананы әсемдеуші құрылыс инженері. Сарасы «Нұр Отан» партиясы облыстық филиалының қызметкері. Өмірден ерте қайтқан жан жары Гүлбаршын екеуінен өрбіген 9 немересі мен 13 шөбересі осындайлық бабалары барын, орталарында екенін мақтаныш тұтады. Бұл күнде Сараның аялы қамқорлығындағы қария Жаратушының сыйлаған жасына, тағдыр бақытына тәубе етеді. «Бүгінгі арманым – арғы дүниеге аттанғанша парасаттан айырылмай, ұрпақтарыма ақылды ата, қасиетті баба бола білуден айнымау», дейді абыз қарт. 100-дегі кісінің бұл білікті сөзіне не қосарсыз. Айқын НЕСІПБАЙ, «Егемен Қазақстан». ҚАРАҒАНДЫ.